

2010 жылға дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға ойын бизнесі саласында көрсеткен қызметіне тіркелген салық ставкаларының мөлшері туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 235-XXV шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 27 қаңтарда N 4-8-180 тіркелді. Күші жойылды - Құрманғазы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 мамырдағы № 42-V шешімімен.

Ескерту. Құрманғазы аудандық мәслихатының 2012.05.08 № 42-V шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-ІV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 422-бабының 2-тармағының талаптары және Құрманғазы ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2391 ұсынысы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға дара кәсіпкер мен заңды тұлғаларға ойын бизнесі саласында көрсеткен қызметіне тіркелген салық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 131-ХІІІ "2009 жылға жеке кәсіпкер, заңды тұлға, оның бөлімдері, құрылымдары және басқа да жекеленген структуралық бөлімшелер ойын бизнесі саласында көрсеткен қызметіне тіркелген жиынтық салық ставкаларының мөлшері туралы" (аудандық әділет басқармасында 2009 жылы 4 ақпанда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4-8-140 енгізілген, 2009 жылы 12 ақпанда аудандық "Серпер" үнжариясының 7 нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, салық саясаты және бюджет жөніндегі тұрақты комиссияға (Ш. Жәлелов) тапсырылсын.

Аудандық Мәслихаттың

XXV сессиясының төрағасы

Аудандық Мәслихат хатшысы

М. Қуаншалиев

Р. Сұлтанияев

К е л і с і л д і :

Н. Аленов - Аудан бойынша салық басқармасының бастығы

А у д а н д ы қ М ә с л и х а т т ы ң

2009 жылғы 23

желтоқсандағы

№ 235-XXV шешіміне қосымша

**2010 жылға дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға ойын бизнесі
саласында көрсеткен қызметіне тіркелген салық ставкаларының
мөлшері**

№	Ойын бизнесі түрлері және салық салу объектілері	Тіркелген салық ставкаларының мөлшері (АЕК) айына	Тіркелген салық ставкалары мөлшері (АЕК) жылына
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	6 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*6)	72 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*72)
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	9 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*9)	108 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*108)
3	Ойын өткізу үшін қолданылатын жеке компьютерлер үшін	2 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*2)	24 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*24)
4	Боулинг (әрбір ойын жолы үшін)	30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*30)	360 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*360)
5	Әрбір карт (картинг үшін)	12 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*12)	144 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*144)
6	Бильярд (1 столға)	20 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*20)	240 айлық есептік көрсеткіш (АЕК*240)

Ескертпе: айлық есептік көрсеткіш 2010 жылға қабылданған "Бюджет туралы" Заңына сәйкес.